



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ I

Территория. 2-бөлім



Аккреция

Аккреция бұрыннан бар жерге жаңа жерді қосудың географиялық процесін білдіреді. Мысалы, өзеннің сағасында жаңа арал пайда болады немесе шегарадағы өзен бағытын өзгертіп, түбін құрғату.

Мемлекеттің территориясында жаңа жер пайда болса, ол жер ешбір қиындықсыз сол мемлекеттің бөлігіне айналады. Мысалы, 1986 жылы қаңтар айында Тынық мұхитта жер асты вулканы атылғаннан кейін, жаңа арал пайда болған кезде, Ұлыбритания оны Жапонияның Ио (Иодзима) аралының территориялы теңізіне жатады, сондықтан жапондық территория саналады деп мәлімдеді.

Ал шегарадағы өзеннің бағыты өзгеріп, нәтижесінде шегара өзгерген жағдайда басқаша жағдай орын алады. Мұндай кезде өзгерістің ауқымы қандай, біліне ме, қолдан өзгертілген жоқ па (авульсия) деген мәселе маңызды. Егер кенеттен, яғни жасанды жолмен өзгертілсе, шегара өзеннің ағысы өзгергенге дейінгі сызық бойынша қалуы керек деген жалпыға ортақ норма бар. Дегенмен өзеннің ағысы көзге білінбей, бірте-бірте өзгерсе, шегара сызығы да өзгереді. Кеме жүзетін өзеннің шегарасы өзен ағысының бағыты қандай жолмен өзгергеніне қарамастан, кеме жүзетін арнаның қақ ортасынан өтеді, ал кеме жүзбейтін өзенде шегара өзеннің қақ ортасынан өтеді. Малколм Шоудың пайымдауынша, аккрецияның бұл аспекті аса маңызды емес. Дегенмен бұл мәселе Америка Құрама штаттарының өз ішінде көптеген даулар бойынша бірнеше істе қолданылған.

Цессия

Цессия дегеніміз – бір егемен билік территориясының екінші егемен биліктің құзыретіне бейбіт жолмен өтуі. Бұл әдетте соғыстан кейінгі бейбіт келісім шеңберінде өтеді. Цессия кезінде территорияның ерекше бөлігіне бір егемен билікті екінші егемен билік ауысады. Сондықтан алушы мемлекет өзіне дейінгіге қарағанда жерге қатысты үлкен құқыққа ие бола алмайды. Бұл өте маңызды мәселе. Өйткені үшінші мемлекеттің территория арқылы өтуге белгілі бір құқықтары болуы мүмкін. Жаңадан келген егемен билік сол құқықтарға құрметпен қарауы тиіс. Бұл жер құқығының ерекшелігі. Территориямен бірге жерге міндеттеме қатар беріледі және одан артық бола алмайды.

Аккреция мен цессия арасындағы айырмашылық осы. Аккреция арқылы жаңадан пайда болған жаңа территорияға қол жеткізеді, ал цессия кезінде бұрыннан бар территория бір мемлекеттің егемен билігінен екіншісіне беріледі.

Малколм Шоудың пікірінше, бұл орайда Палмас аралдарына қатысты атақты кейс жарқын мысал болады. Істі Тұрақты арбитраждық соттың жалғыз арбитраі Макс Губердің төрағалығымен қаралды.

АҚШ пен Нидерланд Пальмас аралдарын иелену құқығы үшін таласты. АҚШ Испаниямен 1898 жылы жасалған шартта осы аралға қатысты цессияға сүйенді, ол жерде АҚШ-қа аралға иелік ету құқығы берілген еді. Ал Нидарланд тарабы бұл аралға АҚШ пен Испания арасында цессия келісімі жасалмастан көп жылдар бұрын иелік етеді. Сондықтан ол шарт жарамсыз деп тануды өтінді. Бұл кейс территориялық дауларды шешу кезінде әлдеқайда ықпалды кейстердің бірі саналады.

Цессия территорияға бір тараптың егемен билігін басқа тарапқа беру ниетінен туады. Ондай ниеті болмаса, цессия заңсыз болады. Ал мүлкті іс жүзінде беруге келсек, ол жағдайға байланысты. Мысалы, 1866 жылы Австрия Францияға Венецияны цессиялады, яғни өз еркімен босатып берді, ал Франция сол территорияны бірнеше аптадан кейін Италияға цессиялаған. Бұл кезде Венецияның Италияға Франция арқылы цессиялануы заңды болып танылған.



Жаулап алу және күш қолдану

Күш қолдану арқылы құқықтарға ие болу заңдылығы мен халықаралық жүйедегі жарамдылығы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл жерде әрекеттің этикалық тұрғыдан ақылға қонымдылығы мен құқыққа қайшы әрекет қандай да бір құқықтың пайда болуына негіз бола алмайды деген муниципалдық құқықта бекітілген принциптің маңызы зор.

Соңғы жүзжылдықта халықаралық қауымдастық біраз істерде заңсыз агрессияның нәтижесін талай рет танып, мойындаған. Бұл жеңімпазға халықаралық құқық бойынша территорияға қатысты белгілі бір деңгейде құқықтардың, айталық, оккупациялау құқығының пайда болуына негіз болды.

Бірақ кейін келе қарсыласын жеңіп, оның территориясының бөлігін немесе толықтай басып алу оның территориясына ие болуға негіз болып табылмайды деп есептелді. Өйткені территория жеңілген егеменді мемлекеттің құқықтық титулының нысаны болып қала береді.

Жалпы, жаулап алу қарулы күштерді заңды немесе заңсыз қолдану жолымен де жүзеге асырылуы мүмкін. Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысында «мүше-мемлекеттердің барлығы қандай да бір мемлекеттің территориялық тұтастығы мен саяси тәуелсіздігіне күш қолдану немесе күш қолдану қатері арқылы қауіп төндіруден аулақ болуы тиіс» деп жазылған. Тек өзін-өзі қорғау үшін қарулы күштерді қолдану заңды болып табылады.

Классикалық құқық бойынша жаулап алған территорияны ресми аннексиялау доктринасы сол территорияға құқықтық титул, яғни иелік ету құқығын алу үшін қажет болды. Бұл – халықаралық құқықта жаулап алған жерлерді заңдастыру үшін жасалған астарлы норма, яғни заңдық фикция болды. Даулы территорияның құқықтық мәртебесін тек соғыс толық аяқталғаннан кейін ғана нақты анықтауға болады, яғни мемлекеттің аннексиялағысы келген территориядағы билігі толыққанды болуға тиіс және жеңілген мемлекеттің бұл жерді қайтарып алуға ақылға қонымды деңгейде мүмкіндігі болмауы керек деген ережен туады. Территорияны аннексиялауға мұндай көзқарас пен негіздеу амалдары кейін халықаралық құқықта қабылданбады.

Мұндай көзқарасты Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін Нюрнбергтегі соғыс қылмыстары трибуналынан байқау болады. Мысалы, одақтастар 1945 жылы Германияны жаулап алған кезде аннексия жасамаған. Себебі елде тек құқықтық бақылау орнатылды. Осы себепті одақтастар өздерінің біріккен декларациясына аннексия жасау туралы пунктін кіргізген жоқ.

Бүгінгі халықаралық құқықта территорияны қарулы күшпен басып алу онсыз да заңсыз болып саналатыны белгілі. Бас Ассамблеясы 1970 жылы қабылдаған Халықаралық құқық қағидаттары декларациясында былай делінген:

«Қандай да бір мемлекеттің территориясына екінші мемлекет қарулы күш қолдану немесе қолдану қаупі арқылы иелік ете алмайды. Қарулы күш қолдану немесе қолдану қаупі арқылы территорияны иелігіне алу құқыққа сай болып танылмайды». Ал Қауіпсіздік Кеңесінің 1990 жылғы қарарында Ирактың Кувейтті аннексиялауы «қандай түрде және қандай себеппен болмасын заңды құқыққа ие бола алмайды және жарамсыз болып танылады» деп бірауыздан қабылданды. Мемлекеттер мен институттардың барлығы бұл аннексияны танудан бас тартуға және тұспалдап тану ретінде түсінуі мүмкін әрекеттерден аулақ болуға шақырған.

Тиімді, орнықты билік жүргізуге орай М. Шоу территорияға қол жеткізудің екі жолын атайды: жаулап алу және күш қолдану, яғни оккупация және прескрипция.

М. Шоу «оккупация» терминіне біздің әдеттегі түсінігімізден өзгеше анықтама беретінін айта кетейік. Егер біз оккупацияны басқа мемлекеттің территориясын басып алу деп қарастырсақ, М. Шоудың пікірінше, ағылшынның occupation сөзі – ешкімнің иелігіндегі емес, яғни terra nullis (terra nullis), белгілі бір жағдайларда иемденуге болатын территорияға қол жеткізу әдісін білдіреді.

Ал прескрипция туралы айтар болсақ, М. Шоудың айтуынша, бұл – terra nullis (terra nullis) емес, заңсыз жолмен алынған, немесе заңды түрде қол жеткізгені дәлелденбеген территорияға құқықты күшпен бекіту болып табылады.



Жоғарыда аталған әдістердің әрқайсысын егжей-тегжейлі қарастырып, олардың тиімді билік жүргізумен байланысын талқылайық.

Автордың мәлімдеуінше, оккупацияны жеке тұлға емес, мемлекет жүзеге асыру керек. Ол нәтижелі болып, сол территорияға үстемдігі ретінде қаралуы тиіс. Ашық теңіздерді бұл жолмен жаулап алуға болмайды, себебі олар – жалпыға ортақ мұра, яғни *res communis* болып есептеледі.

Алайда қосалқы жерлерге таласы бар мемлекеттің егемендігін орнатуға әрекет жасалуы әбден мүмкін. Бұл, бірінші кезекте, адам баласы мекендемейтін территориялар мен аралдарға, кейде халық мекендейтін жерлерге қатысты қолданылуы мүмкін.

Бұл проблеманы Халықаралық сот Батыс Сахараға қатысты істе қарастырды. Сот іс қарауындағы территория отарлау кезінде *terra nullis*, яғни иесіз болды ма деген сұрақ қойды.

Сот *terra nullis* территорияға оккупация арқылы қол жеткізуге қатысты қолданылатын заңдық термин деп мәлімдеді. Сондай-ақ, аталған істі қарай келе, сол кезеңнің (яғни отаршылық кезеңінің) мемлекеттің практикасына сәйкес, өз алдына әлеуметтік, ұйымдары бар, тайпалар немесе тұтас халықтар қоныстанған территориялар *terra nullis* болып саналмаған деген ұйғарымға келді.

Басқаша айтқанда, егер сол территориядағы халықтың әлеуметтік, саяси ұйымдары болса, оккупация жасауға болмайды.

Алайда сот халықаралық прецеденттік құқық *terra nullis* статусына әкелмейтін жағдайларда да территорияға егемендік билік уақытша тоқтатылуы мүмкін екенін танығанын жоққа шығармайды. Мұндай түсініксіз жағдайды тараптар уақыты келгенде шеше алады.

Прескрипцияның оккупациядан айырмашылығы – бұрын белгілі бір мемлекеттің егемен билігінде болған территорияға қатысты жасалады. Бірақ соған қарамастан, осы екі тұжырымның бір-біріне ұқсас – себебі екеуі де сол территорияға егемен биліктің белгілі бір мерзім ішінде жүргізілуін талап етеді. Бұл екеуі екі бөлек теория болса да, іс жүзінде бірін-бірінен ажырату қиын. Себебі территорияға егемен билік құлауы мүмкін, сондай кезде әлгі территория *terra nullius*, яғни иесіз қалған территорияға айналды ма деген күдік туады. Басқаша айтқанда, территорияның қай уақытта статусы өзгергенін дәл анықтап айту қиын.

Уақытаралық құқық

Халықаралық құқықтағы үлкен мәселелердің бірі – халықаралық құқық қағидаттарына қатысты қажетті алғышарттардың өзгеруі. Мұндай жағдайларда құқықтар мен міндеттердің туындауының уақыт шеңберін анықтау қажет. Мысалы, белгілі бір территорияға құқық XVI ғасырдағы доктриналарға сәйкес жарамды болса, XIX ғасырдағы доктриналар бойынша жарамсыз болуы мүмкін. Мұндай мәселелерді шешудің жалпыға ортақ нормасы – мәселені қараған кезде сол кезеңдегі нормаларға (шарттарға т.б.) сүйену керек, одан кейінгі қабылданған нормаға сүйенуге болмайды.

Алайда қандай да бір құқықтық норманың қалыптасуы сол кезеңдегі халықаралық құқықтың талабынан туып, бұл норма уақыт өте келе құқық жүйесіндегі өзгерістердің әсерінен күшін жоғалтқанмен, құқық жүйесіндегі мұндай өзгеріс территорияның «дер кезінде белгіленген мәртебесіне» әсер ете алмайды деген тұжырым жасалды.

Құқықты қолдану сол құқықтың пайда болу сәтіне емес, халықаралық құқықтың дамуына байланысты дегенге мысал ретінде the Aegean Sea Continental Shelf ісін, яғни Эгей теңізінің континенталь шельфі ісін келтіруге болады. Бұл іс бойынша сот 1928 жылғы Бриан-Келлог пактіндегі Грекияға қатысты ескертуде келтірілген «Грекияның территориялық мәртебесіне қатысты мәселелер» деген сөз тіркесін «халықаралық құқықтың 1931 жылғы жағдайына байланысты емес, бүгінгі жағдайға байланысты түсінуге тиіспіз деп мәлімдеген. Осыған орай, сот халықаралық құқықтың құрлық қайраңы туралы нормаларының дамуын ескеріп, Грекияның территориялық мәртебесіне континенталдық шельфті қосып берген. Десе де 1920 жылдары бұл концепция мүлдем белгісіз әлі дамып үлгермеген еді. Алайда келешекте құқықтың бұл аспектісіне жүгіну даулы болуы мүмкін.



Сындарлы дата

Кейде тараптардың құқығын анықтайтын кез туады. Ондай анықтаушы сәтте тараптардың құқығы бекітіліп, одан кейін оның құқықтық ережелері өзгермейтінін білдіреді. Бұл дата қандай да бір шарт жасалған немесе оккупация басталған күн болуы мүмкін.

Шешуші дата тұжырымы, әсіресе *uti possidetis* қағидатын қолданған кезде маңызды. *Uti possidetis* (латынша – иесі болып табылғандықтан) қағидаты халықаралық практикада әбден қалыптасқан.

Оған сәйкес, жаңадан пайда болған яғни тәуелсіздігін алған мемлекет бұған дейін тәуелді, колония немесе басқа мемлекеттің әкімшілік бірлігі болып тұрған кездегі территориясына иелік ете алады. Сондықтан тәуелсіздікті беру өзгермейтін сындарлы дата болып саналады. Бірақ бұл қағидат осы мемлекеттің сол сәттегі территориясы мен құқығы одан бұрынғы қалыптасу ықтималдығын жоққа шығармайды. Егер бірнеше мемлекет болса, тәуелсіздік алудың соңғы датасы немесе ұқсас мемлекеттердің тәуелсіздік датасы назарға алынуы мүмкін. Әдетте, бұл жағдайға байланысты. Әртүрлі жағдайға орай әртүрлі сындарлы дата анықталуы мүмкін. Мысалы, бір іс аясында бір мемлекеттің құрлық туралы және теңіз туралы дауын қатар қараған кезде, олардың сындарлы датасы әртүрлі болуы мүмкін. Ал кейде тәуелсіздік алған күні сол сәтке дейінгі құжаттарда белгіленген шегарасының жалпы шешуші датасы болады.

Егеменді әрекеттер

Тиімді өкілеттіктерді жүзеге асыру – аса маңызды элемент. Судья Хубер бұл жайында «мемлекеттің үздіксіз, бейбіт билік жүргізуі – мұндай сот істерінде территориядағы егемен биліктің маңызды дәлелі» деген.

Алайда билік толық жүргізілуге тиіс болса да, территорияны толық иемденуге және игеруге міндетті емес. Құқықтық титулға ие болу үшін нақты қандай билік жүргізе алуы керектігі әр істегі нақты жағдайға, соның ішінде территорияның табиғи сипатына, билікке қарсы күштердің болуына, олардың уәждеріне халықаралық қауымдастықтың көзқарасына байланысты.

Шын мәнінде халықаралық құқықта көптеген құқықтар абсолютті емес, салыстырмалы ұғым ретінде қарастырылады. *Terra nullis* (яғни ешкімнің иелегінде емес) территорияға егемен билігін орнатуға қатысты басқа мемлекеттермен дауда өз талабын өткізіп, жеңіп шыққан мемлекеттің дәлелдері мен уәжі сенімді болған деп түсінеміз. Бұдан бөлек, сол территорияның географиялық орналасуы мен халықаралық қауымдастықтың пікірі ескеріледі.

Мысалы, өткен сабақтарда айтқан *Island of Palmas* ісінде дау Тынық мұхитта орналасқан жеке аралдағы егемен билік туралы еді. АҚШ Испания 1898 жылы шарт бойынша осы аймақтағы иеліктерінің бәрін АҚШ-қа цессиялады деп есептейді. Сол иеліктерінің қатарына Испанияның жаңадан ашқан аралдары да кіреді, сондықтан бұл территорияға кіретін аралдар Америка Құрама Штаттарға қарауы керек. Екінші жағынан, Нидерланд бұл аралға XVII ғасырдан бері әртүрлі билік жүргізіп келгенін, сондықтан құқықтық титулы бар екенін мәлімдеді. Арбитр Макс Хубер өз шешімінде территориядағы егемен биліктің табиғатын сипаттай келе, «Испанияның жаңадан ашқан аралдарына иелік ету туралы АҚШ-тың дәйегі құқықтық титул үшін жеткіліксіз» деген шешім қабылдады. М. Хубер бұл аралға Нидерланд үкіметі ғасырлар бойы «үздіксіз, бейбіт жолмен» егемен билік жүргізіп келді. Оған жүздеген жылдар бойы жинақталған әкімшілік актілер куә деп мәлімдеді. Хубер сондай-ақ территорияға егемендік билік уақыт пен мекенге байланысты түрлі формада көрініс табуы мүмкін деп түсіндірді.

Eastern Greenland (Шығыс Гренландия) ісі оккупация, шын мәнінде, салыстырмалы түрде болуы мүмкін екенін, тіпті, кейде символикалық сипатта болатынын көрсетті. *Eastern Greenland* ісі бойынша Халықаралық тұрақты соты қарады.

Бұл жерде Норвегия мен Данияның осы аралға егемен билігі туралы талап арыз берді. Данияның уәжіне сенсек, Гренландияның басқа аумақтарында Данияның отарлары болған, ал Гренландияның адам мекендемейтін шығыс бөлігін Дания концессия шартымен басқа елге берген. Бұл сотта Дания сол шарттың нормалары мен заңдар Гренландияның бүкіл аумағына,



мысалы, территориялық теңіздің еніне де таралады. Сондықтан Гренландияның қазіргі кезде басқа мемлекеттер иемденіп отырған бөліктеріне де құқықтық титулы бар екенін мәлімдеді. Сот Данияның бұл әрекеттері территорияға таласын негіздеу үшін жеткілікті әрі Норвегияның Шығыс Гренландияда экспедиция жасағаны, сымсыз станция салғаны секілді әрекеттеріне қарағанда әлдеқайда салмағы басым деп тапты. Бұл жерде сот Норвегия бұл аралға 1931 жылға дейін таласы болмағанын да есепке алмағанын ескерді.

Сұрақтар

1. Шегаралық өзеннің ағысы өзгерген кезде шегара мәселесі қалай реттеледі?
2. Цессия мен аккреция арасындағы айырмашылық неде?
3. Егеменді әрекеттер дегенді қалай түсінесіз?

Әдебиеттер

1. M. Kohen, *Territoriality and International Law*, Cheltenham, 2016.
2. V. Prescott и G. Triggs, *International Frontiers and Boundaries*, Leiden, 2008.
3. Сарсембаев М.А., Сарсембаев К.М. *Международное право. Общая и особенная части: Учебник*. Алматы: Жеті Жарғы, 2009. Тема 9.
4. Кулжабаева Ж.О., *Международное публичное право. Общая и Особенная части*. Алматы: Юридическая литература, 2006. Глава 12.